Өтпелі тақырып: Біз еңбекқор баламыз. (Сәуір)	**2.апта Ас атасы – нан.**	**Дене шынықтыру** **Күні 11.04.2022** **ТақырыбыТізені бүкпей аяқты түзу, нық басып жүру.** **Мақсаты:**Жұптасып жүру және жүгіруге үйрету, орындық үстімен текшелерден аттап жүруге жаттықтыру, жалпы дамыту жаттығуларын белгі, бұйрық бойынша ырғақты орындауды үйретуді жалғастыру. Қол-аяқ қимылын дамыту. **Дене шынықтыру** **Күні 13.04.2022** **ТақырыбыОрындық үстімен текшелерден аттап жүру.** **Мақсаты:**Жұптасып жүру және жүгіруге үйрету, бірнеше құрсаулардан қос аяқтап секіруге жаттықтыру, жалпы дамыту жаттығуларын белгі, бұйрық бойынша ырғақты орындауды үйретуді жалғастыру. Қол-аяқ қимылын дамыту. **Дене шынықтыру** **Күні 15.04.2022** **ТақырыбыБірнеше құрсаулардан қос аяқтап секіру.** **Мақсаты:**Бір қатар тізбекте бір-бірден жүру. Өздігінен бір , екі шеңберге тұру. Тізені бүге, жартылай отырып жүру. 320 метрге дейін қиылысқан жермен баяу жүгіруді бекіту және жаттықтыру. жалпы дамыту жаттығуларын белгі, бұйрық бойынша ырғақты орындауды үйретуді жалғастыру. Қол-аяқ қимылын дамыту.	**Сөйлеуді дамыту** **Күні 11.04.2022** **Тақырыбы« Ас атасы – нан» М. Төрежанов** **Мақсаты:**Жалпылаушы сөздерді қолдана білуді жаттықтыру, түрлі логикалық топтарға жататын заттарды атай білуге үйрету. **Көркем әдебиет** **Күні 15.04.2022** **Тақырыбы «Нан қайдан шығады?» М. Етекбаев.** **Мақсаты:**Шығарма мазмұнының мағынасына байланысты интонациямен мазмұндауға үйрету. **Сауат ашу** **Күні 13.04.2022** **Күні 14.04.2022** **Тақырыбы« Жж дыбысы және таңбасы»** **Мақсаты:** Дыбыстық құрылымы әр түрлі үш және төрт дыбыстардан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру. **Орыс тілі** Орыс тілі мұғалімінің жоспары бойынша	**Математика негіздері** **Күні 12.04.2022** **Тақырыбы Қосу азайту амалдарын қайталау** **Мақсаты:**Қарапайым мысалдар мен есептерді шеше білу дағдыларын бекіту. **Құрастыру** **Күні 14.04.2022** **Тақырыбы«Нан» табиғи материалдардан** **Мақсаты:** Табиғи және қалдық материалдермен жұмыс кезінде өз қызметін жоспарлау дағдыларын жетілдіру,өзінің көз алдына елестету арқылы жасай білуді дамыту. **Жаратылыс тану** **Күні 13.04.2022** **Тақырыбы «Нан – ел байлығы»** **Мақсаты:** Нанға деген ұқыпты қатынасқа тәрбиелеу, бидай өсіру мен нан өндіругеқатысатын адамдардың еңбегіне құрмет көрсету.	**Сурет салу** **Күні 11.04.2022** **Тақырыбы«Нан ағашы» (өз қиялдары бойынша) (Заттық)** **Мақсаты:**Қоршаған ортадағы болмысты,елестету арқылы бейнелеу дағдыларын қалыптастыру. Өз ойлары бойынша сурет салу **Мүсіндеу** **Күні 13.04.2022** **Тақырыбы«Нан түрлері» (Заттық)** **Мақсаты:**Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу. **Жапсыру** **Күні 15.04.2022** **Тақырыбы«Нан түрлері» (Заттық)** **Мақсаты:**Түрлі пішіндерді қию дағдыларын бекіту: симметриялық емес сұлбаларға салынған немесе қиялдағы сұлбалармен қию дағдыларын қалыптастыру. **Музыка** **Күні 12.04.2022** Музыка мұғалімінің жоспары бойынша. **Музыка** **Күні 14.04.2022** Музыка мұғалімінің жоспары бойынша.	**Өзін-өзі тану** **Күні 14.04. 2022** **Тақырыбы«Қонақ келсе - қуаныш»** **Мақсаты:**«Қонақжайлылық « ұғымы туралы түсінік беру. -қонақ, қонақжайлылық туралы түсінік беру; -жағымды қарым-қатынас дағдыларын дамыту; -әдептілікке тәрбиелеу.

Өтпелі тақырып: Біз еңбеккор баламыз. (Сәуір)	3.апта Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі.	**Қауіпсіз мінез-құлық негіздері** **Күні 18.04.2022** **Тақырыбы«Дене тәрбиесі»** **Мақсаты:**Дене шынықтыру жаттығулары арқылы босаңсу кезінде тыныштандыру кешені жайлы білу. **Дене шынықтыру** **Күні 20.04.2022** **Тақырыбы320 метрге дейін қиылысқан жермен баяу жүгіру.** **Мақсаты:** Бір қатар тізбекте бір-бірден жүру. Өздігінен бір , екі шеңберге тұру. Тізені бүге, жартылай отырып жүру. Бір-бірінің қолдарынан ұстап , жұптасып айналуға үйрету. жалпы дамыту жаттығуларын белгі, бұйрық бойынша ырғақты орындауды үйретуді жалғастыру. Қол-аяқ қимылын дамыту. **Күні 22.04.2022** **ТақырыбыБір-бірініңқолдарынан ұстап, жұптасып, айналу.** **Мақсаты:**Бір қатар тізбекте бір-бірден жүру. Өздігінен бір , екі шеңберге тұру. Тізені бүге, жартылай отырып жүру. Қысқа секіртпемен алға қарай (арақашықтығы 8м) қос аяқтап секіруге үйрету. жалпы дамыту жаттығуларын белгі, бұйрық бойынша ырғақты орындауды үйретуді жалғастыру. Қол-аяқ қимылын дамыту.	**Сөйлеуді дамыту** **Күні 18.04.2022** **Тақырыбы« Көбелек» (жаттау) Ж. Смақов** **Мақсаты:**Көпше түрдегі зат есімдерді атау, ілік септіктерінде , етістіктерді бұйрық райда, сын есім мен үстеулерді салыстырмалы шақта, септелмейтін зат есімдерді дұрыс қолдануға үйрету. **Көркем әдебиет** **Күні 22.04.2022** **Тақырыбы« Көлбақа мен құрбақа» М. Әлімбаев** **Мақсаты:**Шығарма мазмұнының мағынасына байланысты интонациямен мазмұндауға үйрету. Кейіпкерлерге және олардың іс-әрекеттеріне өз ойын айта білу. **Сауат ашу** **Күні 20.04.2022** **Күні 21.04.2022** **Тақырыбы« Пп дыбысы және таңбасы»** **Мақсаты:**Дыбыстық құрылымы әр түрлі үш және төрт дыбыстардан тұратын сөздерге дыбыстық талдау	**Математика негіздері** **Күні 19.04.2022** **Тақырыбы Зат және оның бөліктері. Бөліктерден фигура құрастырамын** **Мақсаты:** Заттарды бірнеше бірдей бөлікке бөлуге болатыны туралы түсінікті қалыптастыру, бұл бөліктерді атап, бүтін мен бөліктерді салыстыруға үйрету. Бүтінді түсінуге баулу (бөліктен бүтін үлкен, ал бөлік бүтіннен кіші). **Жаратылыс тану** **Күні 20.04.2022** **Тақырыбы «Қанқызы мен құмырсқа»** **Мақсаты:** Көктемгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқауға, айырмашылықтарын ажыратабілуге үйрету.	**Сурет салу** **Күні 18.04.2022** **Тақырыбы«Мен қандай көбелек көрдім?» (кляксография)** **Мақсаты:**Түстерді жеткізу үшін қағаздың түсін және түстердің үйлесімділігін таңдау. **Мүсіндеу** **Күні 20.04.2022** **Тақырыбы«Қанқызы» (Заттық)** **Мақсаты:**Кеуде, бас және басқа да бөліктерді мүсіндей білуге, мүсіндеу тәсілдерін іріктеуде дербестікті білдіру, сазбалшықты бөлуге, өз жұмысын алдында тұрған үлгімен салыстыруға үйрету. **Жапсыру** **Күні 22.04.2022** **Тақырыбы«Қанқыз» (Сәндік)** **Мақсаты:**Бейнелерді айқын беру үшін сұлбаны қию және жыртып жапсыру тәсілдерін қолдану. **Музыка** **Күні 19.04.2022** Музыка мұғалімінің жоспары бойынша. **Музыка** **Күні 21.04.2022** Музыка мұғалімінің жоспары бойынша.	**Қоршаған ортамен таныстыру** **Күні 19.04.2022** **Тақырыбы«Табиғат бұрышындағы тіршілік»** **Мақсаты:** Еңбек үдерісі туралы білімін қолдана білуге, адамдардың еңбектерінде гі өзара байланыстарды байқауға үйрету. **Өзін-өзі тану** **Күні 21.04.2022** **Тақырыбы«Менің туыстарым»** **Мақсаты:**« Өзара сыйластық » ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін түсіндіру. -туыс, туысқан ұғымы жайлы түсінік беру. -туыстарға деген сыйластық қарым-қатынастарын дамыту. -өзара сыйластыққа тәрбиелеу.

Өтпелі тақырып: Біз еңбекқор баламыз. (Сәуір)	4.апта Еңбек бәрін жеңбек.	**Дене шынықтыру** **Күні 25.04.2022** **ТақырыбыҚысқа секіртпемен алға қарай (арақашықтығы 8 м) қос аяқтап секіру.** **Мақсаты:**Қолды желке тұсында ұстап, жүруді , сызықтан аттап секіруді, жүру мен жүгіруді алмастыруды үйрету, жалпы дамыту жаттығуларын белгі бойынша ырғақты орындауды үйретуді жалғастыру. Қол-аяқ қимылын дамыту. **Дене шынықтыру** **Күні 27.04.2022** **ТақырыбыҚолды желке тұсында ұстап жүру.** **Мақсаты:**Құм салынған қапшықты себетке лақтырып түсіруді, сызықтан аттап секіруді, жүру мен жүгіруді алмастыруды үйрету, жалпы дамыту жаттығуларын белгі бойынша ырғақты орындауды үйретуді жалғастыру. Қол-аяқ қимылын дамыту. **Дене шынықтыру** **Күні 29.04.2022** **ТақырыбыҚұм салынған қапшықты себетке лақтырып түсіру.** **Мақсаты:**Қатарда жұптасып жүру, жыланша, үйрекше жүру, белгі бойынша саптағы соңғы баланың соңынан жүру, шоқырықтап жүру, (ат жүрісі) және жүгіру, белгі бойынша отырып – тұру, шашырай жүгіру. Екі аяқ арасына допты қысып алып жүгіру. Қимыл-қозғалыс икемділігін жетілдіру, белсенділігін арттыру.	**Сөйлеуді дамыту** **Күні 25.04.2022** **Тақырыбы« Кімнің еңбегі маңыздырақ ?»** **Мақсаты:**Өзі не қаратылып айтылған сөздерді тыңдап, түсінуге, әңгімені қолдауға, сұрақтарға жауап беруге және сұрауға, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті, әдепті, байсалды ұстау іскерліктерін жаттықтыру. **Сауат ашу** **Күні 27.04.2022** **Күні 28.04.2022** **Тақырыбы« Бб дыбысы және таңбасы»** **Мақсаты:**Дыбыстық құрылымы әр түрлі үш және төрт дыбыстардан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру. **Көркем әдебиет** **Күні 29.04.2022** **Тақырыбы «Әке мен бала»** Ы. Алтынсарин **Мақсаты:** Кейіпкерлерге және олардың іс-әрекеттеріне өз ойын айта білу. **Орыс тілі** Орыс тілі мұғалімінің жоспары бойынша	**Математика негіздері** **Күні 26.04.2022** **Тақырыбы Уақытты бағдарлау:Жыл мезгілдері, 1 жыл -12 ай.** **Мақсаты:** Жыл айлары туралы түсініктерін қалыптастыру, олардың реттілігін білу және атау. **Жаратылыс тану** **Күні 27.04.2022** **Тақырыбы «Жалқаулыққа жол берме»** **Мақсаты:**Балалар мен бірге табиғатты бақылау күнтізбесін жүргізуді жетілдіру.	**Сурет салу** **Күні 25.04.2022** **Тақырыбы«Түсініктеме арқылы сурет салу» (Желілі)** **Мақсаты:**Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегісінің, аңызының желісі бойынша сурет салу. **Мүсіндеу** **Күні 27.04.2022** **Тақырыбы«Еңбек құралдары» (Заттық)** **Мақсаты:**Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білуге, бөліктердің салыстырмалық көлемдерін сақтауға, мүсінделген пішіндердің бөліктерін нақтылауға, оларды бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеуге үйрету. **Жапсыру** **Күні 29.04.2022** **Тақырыбы«Шөп ору» (Желілі)** **Мақсаты:**Қазақстанның табиғаты мен жерлестердің еңбегін бейнелейтін ұжымдық композицияларды орындау. **Музыка** **Күні 26.04.2022** Музыка мұғалімінің жоспары бойынша.**Музыка** **Күні 28.04.2022** Музыка мұғалімінің жоспары бойынша.	**Өзін-өзі тану** **Күні 28.04. 2022** **Тақырыбы«Мен осындай адаммын»** **Мақсаты:** Жақсы қасиеттер туралы қарапайым түсінік беру. -адамның жақсы қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту;-бойларында ағы жақсы қасиеттерін дамыту; -адамгершілікке тәрбиелеу.

Өтпелі тақырып: Әрқашан күн сөнбесін! (мамыр)	**1.апта Достық – біздің тіреміз (халықтар достығы)**	**Қауіпсіз мінез-құлық негіздері** **Күні 02.05.2022** **«Күлкі-көңіл ажары»** Адамның денсаулығын сақтап, нығайтудағы көңіл-күйдің тигізетін әсері жайлы білімдерін қалыптастыру. Әдемі тіс - күлкі ажары екендігі жөнінде түсінік беру. Балаларды үнемі ақжарқын, көңілді, мейірімді болуға тәрбиелеу. **Дене шынықтыру** **Күні 04.05.2022** **Тақырыбы:Гимнастикалық қабырға бойымен сатыларды қалдырмай өрмелеу.** **Мақсаты:**Гимнастикалық қабырға бойымен сатыларды қалдырмай өрмелеу, арқан бойымен қолдарын жандарына созып өту, кедергілер арасымен жүру, тізені жоғары көтеріп жүру, қатты жүгіруді жаттықтыру, жалпы дамыту жаттығуларын өз беттерінше команда бойынша орындауды үйретуді жалғастыру. Қол-аяқ қимылын дамыту. **Дене шынықтыру** **Күні 06.05.2022** **Тақырыбы: Түрлі жылдамдықта ирелеңдеп жүгіру.** **Мақсаты:** Түрлі жылдамдықта ирелеңдеп жүгіру, арқан бойымен қолдарын жандарына созып өту, кедергілер арасымен жүру, тізені жоғары көтеріп жүру, қатты жүгіруді жаттықтыру, жалпы дамыту жаттығуларын өз беттерінше команда бойынша орындауды үйретуді жалғастыру. Қол-аяқ қимылын дамыту.	**Сөйлеуді дамыту** **Күні 02.05.2022** **«Ағайынбыз бәріміз» (өлең) Ә. Дүйсенбиев** **Мақсаты:** Қажетті сөздерді дұрыс түсінуді және қолдануды қалыптастыру, оларды сөйлегенде белсенді қолдануға үйрету. **Көркем әдебиет** **Күні 06.05.2022** **Тақырыбы:** **«Ырыс алды ынтымақ» қырғыз ертегісі** **Мақсаты:** Шығармалардың мазмұны мен көркем туындылар түрінің арасындағы өзара байланысты көре білуге үйрету. **Сауат ашу** **Күні 04.05.2022** **Күні 05.05.2022** **Тақырыбы:«Хх дыбысы және әріп»** **Мақсаты:**Дыбыстық құрылымы әр түрлі үш және төрт дыбыстардан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру. **Орыс тілі** Орыс тілі мұғалімінің жоспары бойынша	**Математика негіздері** **Күні 03.05.2022** **Тақырыбы: «Бүтін мен бөлік»** **Мақсаты:** Заттарды бірнеше бірдей бөлікке бөлуге болатыны туралы түсінікті қалыптастыру, бұл бөліктерді атап, бүтін мен бөліктерді салыстыруға үйрету. Бүтінді түсінуге баулу (бөліктен бүтін үлкен, ал бөлік бүтіннен кіші). **Құрастыру** **Күні 05.05.2022** **Тақырыбы:«Үш дос» қайталау** **Мақсаты:**Қағаз цилиндрлерден, оларды қосу әдісімен адамдардың пішіндерін жасай білуге үйрету. **Жаратылыстану** **Күні 04.05.2022** **Тақырыбы:«Елімнің мақтанышы» (әңгімелесу)** Табиғат туралы қарапайым білімдерін меңгеру.	**Сурет салу** **Күні 02.05.2022** **«Жер шарын әсемдейік» (Сәндік)** Балалардың дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, шығармашылығын дамыту. **Мүсіндеу** **Күні 04.05.2022** **Тақырыбы:«Достық көпірі» (Заттық)** **Мақсаты:** Ойлаған бейненің негізін сызбамен мүсіндеу. Балаларда құрастырмалы мүсіндеу дағдысын бекіту. **Жапсыру** **Күні 06.05.2022** **Тақырыбы: «Әуе шарлары» (Заттық)** **Мақсаты:** Бірнеше бөліктен тұратын бейнелерді құрастыра білуді қалыпастыру, Сюжетті композиция құра білуге тәрбиелеу, көз мөлшерін дамыту, байқағыштық қасиеттерін дамыту. **Музыка** **Күні 03.05.2022** Музыка мұғалімінің жоспары бойынша. **Музыка** **Күні 05.05.2022** Музыка мұғалімінің жоспары бойынша.	**Қоршаған ортамен таныстыру** **Күні 03.05.2022** **Тақырыбы:«Халықтар достығы»** **Мақсаты:** Отан туралы, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері туралы білімдерін кеңейту. **Өзін-өзі тану** **Күні 05.05.2022** **Тақырыбы:«Достық әлемі»** **Мақсаты:**«Достық» ұғымын, оның құндылық ретіндегі мәнін түсіндіру. -достық, татулық, бірлік, ұғымдарын түсіндіру; -өзара татулық сезімдерін дамыту; -достықты қадірлей білуге тәрбиелеу.

Өтпелі тақырып: Әркашан күн сөнбесін! (мамыр)	**2.апта Отан қорғаушылар (Кр әскері, Ұлы Отан соғысының ардагерлері)**	**Дене шынықтыру** **Күні 09.05.2022** **Тақырыбы: Қысқа, ұзын секіртпеден секіру.** **Мақсаты:**Таяқшаны артта , қолтық астынан өткізіп, арқаға тақап, иықты тік ұстап жүру. Сапта бір-бірден тұрып, сапқа үштен тұру. 120-200 м-ге 2-3 реттен жүрумен алмастыра жүгіру. Музыкаға сәйкес қол ұстасып, жұптасып жүру, жүгіруге жаттықтыру, қысқа, ұзын секіртпеден секіру, оны жүрумен алмастыруды бекіту. **Дене шынықтыру** **Күні 11.05.2022** **Тақырыбы: Жүру кезінде 2-3 звеноға тұру.** **Мақсаты:**Таяқшаны артта , қолтық астынан өткізіп, арқаға тақап, иықты тік ұстап жүру. Сапта бір-бірден тұрып, сапқа үштен тұру. 120-200 м-ге 2-3 реттен жүрумен алмастыра жүгіру. Музыкаға сәйкес қол ұстасып, жұптасып жүру, жүгіруге жаттықтыру. Орындықпен еңбектеп өту, оны жүрумен алмастыруды бекіту. **Дене шынықтыру** **Күні 13.05.2022** **Тақырыбы: Қатарда, сапта оңға, солға бұрылу.** **Мақсаты:**Тепе-теңдік сақтап, қолды желке тұсында ұстап жүру. Бір қатар саптан төрт қатарға тұру. Аралыққа жүгіруге жаттықтыру. Музыка ырғағына сәйкес өзіндік би қимылдарын ойлап табу және оны орындауға ынталандыру. Қатарда сапта оңға, солға бұрылу.	**Сөйлеуді дамыту** **Күні 09.05.2022** **Тақырыбы: «Ер есімі – ел есінде сақталады»** **Мақсаты:** Балаларды бір-бірімен еркін тілдік қарым-қатынасқа баулу. **Көркем әдебиет** **Күні 13.05.2022** **Тақырыбы: «Тілегіміз бейбіт күн» (жаттау) С. Оспанов** **Мақсаты:**Мазмұнына, мәнерлеу құралдарына байланысты әдеби шығармаларды қабылдауға үйрету. **Сауат ашу** **Күні 11.05.2022** **Күні 12.05.2022** **Тақырыбы:«Һһ дыбысы және әріп»** **Мақсаты:**Дыбыстық құрылымы әр түрлі үш және төрт дыбыстардан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру. **Орыс тілі** Орыс тілі ұғалімінің жоспары бойынша	**Математика негіздері** **Күні 10.05.2022** **Тақырыбы: 1-ден 10-ға дейінгі сандарды салыстыру.** **Мақсаты:** 10 саны көлеміндегі сандар мен цифрлар туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды танып және атай білуге үйрету. 10 көлеміндегі санды тура және кері санауға жаттықтыру. **Құрастыру** **Күні 12.05.2022** **Тақырыбы: «Бейбітшілік құсы» оригамиі** **Мақсаты:**Пішіндердің түрлі күйлері мен қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. **Жаратылыстану** **Күні 11.05.2022** **Тақырыбы: «Батырлар аллеясына серуен»** **Мақсаты:**"Өлі табиғат" ұғымымен таныстыру, өлі табиғат заттары адам қолымен жасалған заттардан ажырата білуге үйрету.	**Сурет салу** **Күні 09.05.2022** **Тақырыбы: «Мерекелік отшашу» (Желілі)** **Мақсаты:**Мерекелік от шашу, тағы басқа қағаздың түсіне сәйкес бояуларды таңдауға үйрету. **Мүсіндеу** **Күні 11.05.2022** **Тақырыбы: «Ит ерткен шекарашы» (Желілі)** **Мақсаты:**Мүсіндеу іскерлігіне қызығушылығын арттыру. Ұсақ қол қимылдарын, эстетикалық талғамын дамыту. **Жапсыру** **Күні 13.05.2022** **Тақырыбы: «Қазақ батырлары» (Коллаж) (Желілі)** **Мақсаты:**Ойға алған тақырыпты әр түрлі түстермен, әрқилы материалдармен бейнені ашық та анық етіп бере білу. **Музыка** **Күні 10.05.2022** Музыка мұғалімінің жоспары бойынша. **Музыка** **Күні 12.05.2022** Музыка мұғалімінің жоспары бойынша.	**Өзін-өзі тану** **Күні 12.05.2022** **Тақырыбы: «Мен Отанымды сүйемін» (Қайталау)** **Мақсаты:**«Отан» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту; - патриоттық сезімдерін дамыту; -Отанын сүюге тәрбиелеу.

Өтпелі тақырып: Әрқашан күн сәнбесін! (мамыр)	**3.апта Көңілді жаз.**	**Қауіпсіз мінез-құлық негіздері** **Күні 16.05.2022** **Тақырыбы: Табиғи және түрлі қауіптен сақтану ережелері** **Мақсаты:**Балаларға табиғаттан келетін кейбір қауіптер туралы түсінік беру. Қауіпсіздік ережелерін үйрету. **Дене шынықтыру** **Күні 18.05.2022** **Тақырыбы: Би қимылдарын, элементтеріне сәйкес орындау.** **Мақсаты:**Қолды желке тұсында ұстап, тепе-теңдікті сақтап жүру. Бір қатар тізбекпен келе жатып, төрт қатар тізбекпен жүру. Аралыққа жүгіруге жаттықтыру. Музыка ырғағына сәйкес өзіндік би қимылдарын ойлап табу және оны орындауға ынталандыру. Қырынан қойылған сатының тақтайшалары арасынан еңбектеп өту. 3-4 м қашықтықтан дорбашаны себетке лақтыру. Допты жоғары лақтырып, бір қолмен қағып алу. **Дене шынықтыру** **Күні 20.05.2022** **Тақырыбы: Эстафеталық жарыстар.** **Мақсаты:**Қолды желке тұсында ұстап, тепе-теңдікті сақтап жүру. Бір қатар тізбекпен келе жатып, төрт қатар тізбекпен жүру. Аралыққа жүгіруге жаттықтыру. Музыка ырғағына сәйкес өзіндік би қимылдарын ойлап табу және оны орындауға ынталандыру. Гимнастикалық қабырғаға іліне (тартыла) тұрып, аяқты алға, жан-жаққасозу, біріктіру. 3-4 м қашықтықтан дорбашаны себетке лақтыру. Допты жоғары лақтырып, бір қолмен қағып алу.	**Сөйлеуді дамыту** **Күні 16.05.2022** **Тақырыбы: «Жайдары жаз» (сурет бойынша әңгіме)** **Мақсаты:** Ұсынылған тақырыптар негізінде бір-бірімен байланысқан мазмұн бойынша сипаттау және баяндау әңгімелерін құрастыруға, сөйлемдерінде бейнелеуіш сөздерді, эпитеттерді, теңеулерді қолдануға үйрету. **Көркем әдебиет** **Күні 20.05.2022** **Тақырыбы: «Жазда күн неге ұзақ?»** **Мақсаты:**Тәрбиешінің ұсынған тақырыбына сюжеттік және сипаттау әңгімелерін құрау кезінде меңгерген көркем - тілдік дағдыларын қолдана білуді бекіту. **Сауат ашу** **Күні 18.05.2022** **Күні 19.05.2022** **Тақырыбы «Фф дыбысы және әріп»** **Мақсаты:**Дыбыстық құрылымы әр түрлі үш және төрт дыбыстардан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру. **Орыс тілі** Орыс тілі мұғалімінің жоспары бойынша	**Математика негіздері** **Күні 17.05.2022** **Тақырыбы** **Қарапайым мысалдармен есептер.** **Мақсаты:** Қарапайым мысалдармен есептерді шеше білу дағдыларын бекіту. **Жаратылыс тану** **Күні 18.05.2022** **Тақырыбы:** **«Қоңыр үйрек» А.Хамзин** **Мақсаты:** Жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу және атын атай алу, құстардың пайдасы туралы білімді бекіту.	**Сурет салу** **Күні 16.05.2022** **Тақырыбы:** **«Жайлау» (Желілі)** **Мақсаты:**Жаз мезгілінің табиғат құбылыстарын, жазғы демалыстағы оқиғаларды, қарапайым сюжеттерді суретте бере білу білігін бекіту. **Мүсіндеу** **Күні 18.05.2022** **Тақырыбы:** **«Үйректің жұмыртқасы» (Заттық)** **Мақсаты:** Мүсіндеудің түрлі әдістерін қолдану:Қарап мүсіндеуге пішіні шағын мүсіндердімүсіндеу дағдыларын дамыту. **Жапсыру** **Күні 20.05.2022** **Тақырыбы:** **«Жайлау» (Желілі)** **Мақсаты:**Балалардың ұжыммен жұмыс істеу дағдыларын арттыру. Балаларды контур бойынша қиюға, үлгілермен жұмыс істей білуге үйрету. **Музыка** **Күні 17.05.2022** Музыка мұғалімінің жоспары бойынша. **Күні 19.05.2022** Музыка мұғалімінің жоспары бойынша.	**Қоршаған ортамен таныстыру** **Күні 17.05.2022** **Тақырыбы:** **«Жайлауда»** **Мақсаты:**Қазақ халқының тарихи түп тамыры туралы: қазақ киіз үйінің құрылысы және ішкі жиһаздары туралы түсініктерін қалыптастыру. **Өзін - өзі тану** **Күні 19.05.2022** **Тақырыбы:** **«Табиғат және Адам» (Серуендегі сабақ)** **Мақсаты:**Табиғат пен адамның үйлесімділігі туралы түсініктерін бекіту. -табиғат пен адамның үйлесімділігі туралы түсініктерін кеңейту; -табиғатқа деген қамқор қарым-қатынас дағдысын дамыту; -тазалыққа, ізгілікке тәрбиелеу.

Өтпелі тақырып: Әркашан күн сөнбесін! (мамыр) **4.апта Мен жасай аламын.**	**Дене шынықтыру** **Күні 23.05.2022** **Күні 30.05.2022** **Тақырыбы: Орта арқылы бір-бірден жан-жаққа тарап, бір сапқа тұру.** **Мақсаты:**Қолды желке тұсында ұстап, тепе-теңдікті сақтап жүру. Бір қатар тізбекпен келе жатып, төрт қатар тізбекпен жүру. Аралыққа жүгіруге жаттықтыру. Музыка ырғағына сәйкес өзіндік би қимылдарын ойлап табу және оны орындауға ынталандыру. Орта арылы бір-бірден жан-жаққа тарап, 1сапқа тұру . 3-4 м қашықтықтан дорбашаны себетке лақтыру. Допты жоғары лақтырып, бір қолмен қағып алу. **Дене шынықтыру** **Күні 25.05.2022** **Тақырыбы: Велосипедпен, самокатпен жарыстар.** **Мақсаты:**Эстафеталық жарыстар: допты алып жүгіру, заттарды алып жүру, кедергілерден өту. Балалардың қол-аяқ қимыл-қозғалыс үйлесімділігін арттыру, жалпы дамыту жаттығуларын өз беттерінше команда бойынша орындауды үйретуді жалғастыру. Қол-аяқ қимыл дәлдігін арттыру. **Дене шынықтыру** **Күні 27.05.2022** **Тақырыбы: Қысқа, ұзын секіртпеден секіру.** **Мақсаты:**Эстафеталық жарыстар: велосипедпен, самокатпен жарыстыру, қолмен жүруді жаттықтыру. Балалардың қол-аяқ қимыл-қозғалыс үйлесімділігін арттыру, жалпы дамыту жаттығуларын өз беттерінше команда бойынша орындауды үйретуді жалғастыру. Қол-аяқ қимыл дәлдігін арттыру.	**Сөйлеуді дамыту** **Күні 23.05.2022** **Күні 30.05.2022** **Тақырыбы: «Мен ептімін»** **Мақсаты:**Балаларды бір-бірімен еркін тілдік қарым-қатынасқа баулу. **Көркем әдебиет** **Күні 27.05.2022** **Тақырыбы: «Не істегенімізді айтпаймыз, бірақ біз қимылмен көрсетеміз» (ойыны)** **Мақсаты:** Мазмұнына, мәнерлеу құралдарына байланысты әдеби шығармаларды қабылдауға үйрету. **Сауат ашу** **Күні 25.05.2022** **Күні 26.05.2022** **Тақырыбы «Я дыбысы және әріп»** **Мақсаты:**Дыбыстық құрылымы әр түрлі үш және төрт дыбыстардан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру. **Орыс тілі** Орыс тілі мұғалімінің жоспары бойынша	**Математика негіздері** **Күні 24.05.2022** **Күні 31.05.2022** **Тақырыбы Өткенді пысықтау. 1-ден 10-ға дейінгі сандар.** **Мақсаты:**10 саны көлеміндегі сандар мен цифрлар туралы ұғымдарын қалыптастыру, 10 көлеміндегі санды тура және кері санауға жаттықтыру. **Жаратылыстану** **Күні 25.05.2022** **Тақырыбы: «Қайталау»** **Мақсаты:**Жабайы жануарлардың өмірі туралы түсінікті кеңейту. Жылдың түрлі мезгілінде жануарлардың сыртқы келбеті мен өмір сүру салтының ерекшеліктерін атап көрсету және сипаттауға үйрету.	**Сурет салу** **Күні 23.05.2022** **Күні 30.05.2022** **Тақырыбы: «Сиқырлы әліпби» (Сәндік)** **Мақсаты:**Ұжымдық жұмыстарды, ойдан сурет салуды қолдану. **Мүсіндеу** **Күні 25.05.2022** **Тақырыбы: «Ғажайып теңіз жануары» (Заттық)** **Мақсаты:**Ойлаған бейненің негізін сызбамен мүсіндеу. Балаларда құрастырмалы мүсіндеу дағдысын бекіту. **Жапсыру** **Күні 27.05.2022** **Тақырыбы: «Мозайка» (Сәндік)** **Мақсаты:**Бейнелеу өнерінің, көркем сөздің, әуеннің барлық түрлерінің сәйкестігіне жаттықтыру. **Музыка** **Күні 24.05.2022** **Күні 31.05.2022** Музыка мұғалімінің жоспары бойынша.**Музыка** **Күні 26.05.2022** Музыка мұғалімінің жоспары бойынша.	**Өзін –өзі тану** **Күні 26.05.2022** **Тақырыбы: Ризамыз, саған, «Өзін-өзі тану» әлемі!** **Мақсаты:**« Өзін-өзі тану» сабақтарынан алған білімдерін бекіту. -«Өзін-өзі тану» сабақтарында алған білімдерін, іскерліктерін қорытындылау; -балалар бойындағы жақсы қасиеттерін дамытуға ықпал ету; -адамгершілікке тәрбиелеу.

«Ұрпақ» бөбекжай

бақшасының меңгерушісі:

Ж.Н.Бакимбаева

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің циклограммасы

МАД «Күншуақ» тобы

2021-2022 оқу жылы

2021-2022 жыл

Қыркүйек айы 01.09 - 03.09. 2021 «Күншуақ» Мектепалды даярлық топ Өтпелі тақырып: **«Менің балабақшам»**

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі** **1.09**	**Бейсенбі** **2.09**	**Жұма** **3.09**
Балаларды қабылдау **Ата- аналармен Әңгімелесу** **8:00-9:00** **Ойындар** **08:00-09:00** **Таңертеңгі гимнастика** **08:30-9:00**	Ата-аналарды жақсыкөңіл-күймен қарсы алу. Бала денсаулығын сақтау мен нығайту туралы ата-аналармен әңгімелесу, балаларда көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
			«Сөзді аяқта» **Мақсаты:** Балалардың көрнекі- бейнелік ойлау қабілеттерін, есту арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту.	**«Жаңылыспа»** **Мақсаты:** Балалардың тез ойлау қабілетін жетілдіру, тәуліктің әр уақытында не істейтіндері туралы білімдерін жетілдіру.	**«Түсін сәйкестендір»** **Мақсаты:** үстерді есте сақтау, айыра білу қабілеттерін дамыту. **«Біздің балабақша»** М. Әлімбаев. Оқу. Жаттау. Балабақша өмірі туралы альбом, суреттер қарастыру
	Таңғы жаттығулар №1 кешен				
Таңғы ас:09:00-09:25	Ботқаның , дәрумендердің, дұрыс тамақтанудың және т.б.балалардың денсаулығына пайдасытуралы әңгімелесу, дастархан басында әдептілік пен тазалық сақтап отырып ас ішуге баулу				
	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметі.				

Ойындар, Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық:09:25-09:40			Таза ауаның денсаулыққа пайдасы туралы әңгімелесу	Оқу құралдарытуралы жұмбақтар шешу	Тәлім-тәрбие туралы әңгімелесу

Ұйымдастырылған оқу қызметтері:09:40-11:20			**Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** Сөз және дыбыс туралы түсінік беру **Мақсаты:** «Сөз» және «дыбыс» терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. **Жаратылыстану** **Тақырыбы: Біздің бақша** **Мақсаты:** Балалардыңкөкөністер мен жемістер, ағаштар туралы түсініктерін бекіту. **Мүсіндеу** **Тақырыбы:**Біздің бақша **Мақсаты:** Балаларды муляжға қарап үлкен және кіші көкөністер мен жемістерді ермексаздан ширатып, алақан арасында конус және цилиндр жасап, домалату арқылы жасау. **Дене шынықтыру** **Тақырыбы: Алға жылжу арқылықос аяқтап секіру (3-4м дейін)** **Мақсаты:** Алға жылжу арқылы қос аяқтап 3-4 м дейін секіруге үйренді.	**Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** Сөз және дыбыс туралы түсінік беру **Мақсаты:** «Сөз» және «дыбыс» терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. **Құрастыру** **Тақырыбы** «Балабақшадағы біздің аула» **Мақсаты:** Құрылыс материалдары мен конструктор бөлшектерінен құрастыру. Музыка Музыка жетекшісінің жоспары бойынша **Өзін-өзі тану** **Тақырыбы:«Менің сүйікті балабақшам»** **Мақсаты:** Құрмет пен сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу. -балабақшадағы сыйластық туралы түсініктерін кеңейту;-ұжымдық қарым-қатынас дағдыларын дамыту;-өзара сыйластыққа тәрбиелеу.	**Көркем әдебиет** **Тақырыбы: «Ғажайып ұя» ертегісін оқу** **Мақсаты:** Әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінік беру. **Жапсыру** **Тақырыбы: Балабақша үйіміз** **Мақсаты:** Қағазды үшбұрыштап қиюды үйрету, саусақ икемділігі мен қимыл дәлдігін дамыту. **Дене шынықтыру** **Тақырыбы: Жұптасып тұрып допты бір-біріне домалату** **Мақсаты:** Жұптасып тұрып допты бір-біріне домалатуға үйрету.
Серуенге Дайындық:11:20-	Киімдерді ретімен киінуді жетілдіру				
Серуен:11:30-12:20	**Жәндіктерді бақылау,** жәндіктердің бір-бірінен айырмашылығын аңғарту. **Еңбек** ойын алаңынтазаұстауға,аула гүлдерін суаруға,ептілікке, тазалыққа,қимылбелсенділігіне, орындалған жұмыснәтижесіне қуана білуге баулу,жағымды көңіл күйге бөлеу. **Қимылды ойындар:** Көңілді эстафета, Кім жақсы секіреді? Шортан мен шабақтар, Ақ сандық , көк сандық.				

Серуеннен Оралу:12:20-12:30	Киімдерді реттілікпен шешуге үйрету, мәдени-гигиеналық шаралар				
	Балалардың назарын тамаққа аудару, мәдениетті тамақтануға, ас қайтаруға баулу				
Түскі ас:12:35-13:10			Дастарханның басында, Әдеттен біз озбаймыз. Үлкендердің қасында, қолды бұрын созбаймыз. Тамақ ішер кезде енді, сөйлемейміз, күлмейміз. Астан басқа өзгені елемейміз білмейміз.	Нан -ардақты асыл ас Кәрі, Жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас.	Бата Дастарханың майлы, Көңілің жайлы болсын. Өміріңе не тілесең, Тілегің қабыл болсын
Ұйқы:13:15-15:15	Балаларға тынығып ұйықтау үшін жағдай жасау				
			Баяу музыка тыңдату	Баяу бесік жырын тыңдату	**«Алтын балық»** үнді ертегісі
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары:15:15-16:00	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүргізу. Мәдени гигиеналық шараларын орындау. Мұнда бері қараңыз, Бізде санай аламыз. 1,2,3 дегенде, Түзу тұра қаламыз. 4,5,6 дегенде, Алға қадам басамыз.				
Бесін ас: 16:00-16:30	Дастарханбасындағы әдептілікке үйрету,тамақты тауысып жеуге,сүттің,айранның,ірімшіктің,құрттың пайдасы туралы әңгімелесу				
Ойындар, дербес әрекет:16:30-17:20			**Вариативтік компонент** Әдептілік әліппесі	**Вариативтік компонент** Адам өмірінің қауіпсіздігі	**Вариативтік компонент** Өсімдіктер әлемі

Серуенге Дайындық:17:20-17:30	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету, жылы дұрыс киінудің адам денсаулығына пайдасы туралы әңгімелесу				
Серуен:17:30-18:00			Ағаштардағы өзгерістерді бақылау Қимылды ойын **«Біз көңілді балалармыз» Мақсаты:** Қимыл белсенділігіне, ептілікке, татулыққа, достыққа тәрбиелеу	Ауладағықыстап қалған құстарды бақылау Қимылды ойын **«Жасырынбақ» Мақсаты:** ойын Қимылдары арқылы жылдамдыққа, ептілікке, қырағылыққа баулу	Аспанды бақылау Қимылды ойын **«Кім екен?» Мақсаты:** Бірін-бірін даусынан табуға үйрету
Балалардың үйге қайтуы:18:00-18:30			Ата-аналарға кеңес **«Балаларды жан-жақты дамыту жұмыстарына тарту»**	Ата-аналарға кеңес **«Баланың үйдегі күн тәртібін ұйымдастыру»**	**«Денсаулық дегенімізді қалай түсінесіз?»** тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу

Қыркүйек айы 06.09-10.09.2021 «Күншуақ» Мектепалды даярлық топ Өтпелі тақырып**: «Менің достарым»**

Күн тәртібі	**Дүйсенбі** **06.09**	**Сейсенбі** **07.09**	**Сәрсенбі** **08.09**	**Бейсенбі** **09.09**	**Жұма** **10.09**
Балаларды қабылдау Ата- аналармен Әңгімелесу 8:00-9:00	Ата-аналарды жақсы көңіл-күймен қарсылау. Бала денсаулығын сақтаумен нығайтутуралы ата-аналармен әңгімелесу,балалардакөтеріңкікөңіл-күй орнатуға ойындарұйымдастыру. Жағымдыжағдайорнату.				
Ойындар 08:00-09:00	**«Қуыр-қуыр-қуырмаш»** **Мақсаты:** Балалардың есту арқылы қабылдау жалпы ойлау қабілеттерін, сөздік қорларын дамыту.	**«Достық неден басталады»** **Мақсаты:** Достарға деген мейірімді қарым-қатынасқа үйрету.Достаса білуге тәрбиелеу.	**«Не жетіспейді»** **Мақсаты:** Баланың жалпы ойлау қабілеттерін, есте сақтау ж/е қабылдау, зейінін дамыту, заттың элементтеріне назар аудара отырып анықтау.	**«Сәйкестір»** **Мақсаты:** Балалардың көрнекі-бейнелік ойлау қабілеттерін, көру арқылы есте сақтау қабілеттерін, ұсақ моторикасын дамыту.	**«Қай сан жоқ»** **Мақсаты:** Балалардың көру арқылы қабылдау қабілеттерін дамыту.
	Таңғы жаттығулар №1кешен				
Таңғы ас 09:00-0925	Тамақтану алдында қолын жуу. Астың дәмді болуын қасындағы балаларға тілеу. Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап, ас ішу құралдарын пайдалана отырып тамақтанудың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту.				
	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметі.				
Ойындар, Ұйымдастырылған оқу қызметіне Дайындық 09:25—09:40	**«Достық»** дегенді қалай түсінесің? әңгімелесу.	**«Достық»** туралы мақал-мәтелдер айту.	**«Ғажайып жұлдызша»** жылулық шеңбері. **«Әдептілік әліппесі»** Оқу.	**«Достық асыл қасиет»** деген халық даналығын түсіндіру	Достарын сипаттау арқылы жұмбақтар шешу.

Ұйымдастырылған оқу қызметтері 09:40—11:30	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** «Адал дос» М. Төрежанов **Мақсаты:** Тыңдауды, айтуды, оқуды, ана тіліне тән барлық дыбыстарды айта білуді жетілдіру. **Сурет салу** **Тақырыбы:** «Менің досым» (Заттық) **Мақсаты:** Балаларды суретке қарап адамдардың суретін салуға үйрету. **Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** Допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалату **Мақсаты:** Қатарда жүру, аяқ ұшымен, өкшемен жәй жүгіруге, тәрбиешінің белгісі бойыншабағытын өзгерту (соңғы баланың артынан жүру). Шашырап жәй және қатты жүгіруге, допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалату, жалпы дамыту жаттығуларын дұрыс орындауға үйрету.	**Орыс тілі** Орыс тілі мұғалімінің жоспары Бойынша **Математика негіздері** **Тақырыбы: 6 санымен және цифрымен танысу** **Мақсаты:** Математикалық терминдерді қолдана білуді қалыптастыру . 6 саны көлеміндегі сан мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастыру , сандарды тану және атай білуді үйрету. **Музыка** Музыка жетекшісінің жоспары бойынша	**Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** Дауысты және дауыссыз дыбыстар **Мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстардың негізгі ерекшеліктерімен таныстыру. **Жаратылыстану** **Тақырыбы:** «Біздің жақын достар» **Мақсаты:** Табиғат бұрышын мекендеушілер туралы (қоянға) білімді жетілдіру. **Мүсіндеу** Тақырыбы: «Менің досым» (Заттық) Мақсаты: Қарапайым қатынастарды сақтай отырып адам пішінін мүсіндеуге үйрету. **Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** Орындық астынан еңбектеп өту Мақсаты: Қатарда жүру, аяқ ұшымен, өкшемен жәй жүгіруге, тәрбиешінің белгісі бойынша бағытын өзгерту (соңғы баланың артынан жүру). Шашырап жәй және қатты жүгіруге, орындық астынан еңбектеп өтуге, жалпы дамыту жаттығуларын дұрыс орындауға үйрету, қол-аяқ қимыл-қозғалыс икемділігін арттыру.	**Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** Дауысты және дауыссыз дыбыстар **Мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстардың негізгі ерекшеліктерімен таныстыру. **Құрастыру** **Тақырыбы**: «Үш дос» Мақсаты: Табиғи және қалдық материалдардың түрлерімен таныстыру. Табиғи материалдардан ұсақ заттар дайындай біледі. **Музыка** Музыка жетекшісінің жоспары бойынша **Өзін-өзі тану** **Тақырыбы:**«Адал дос» Мақсаты: «Адалдық» , «Адал дос» туралы түсініктерін кеңейту. - адал дос туралы түсінік беру; - адалдық қасиеттерін дамыту; - адал дос болуға тәрбиелеу.	**Көркем әдебиет** **Тақырыбы**«Адал дос» (әңгімелеу) Мәдіхат Төрежанов **Мақсаты:** Әдеби жанр түрлерін түсіндіру: ертегі, әңгіме, өлең. **Жапсыру** **Тақырыбы:**«Екі дос» (Желілі) **Мақсаты:** Балаларға қағазға заттарды орналастыру дағдыларын үйрету. **Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** Гимнастикалық ұзын орындық үстінен екі қолын жанына созып тепе-теңдікті сақтап жүріп өту **Мақсаты:** Қатарда жүру, аяқ ұшымен, өкшемен жәй жүгіруге, тәрбиешінің белгісі бойыншабағытын өзгерту (соңғы баланың артынан жүру). Шашырап жәй және қатты жүгіруге, гимнастикалық екі қолын жанына созып тепе – теңдікті сақтап жүріп өтуге үйрету, жалпы дамыту жаттығуларын дұрыс орындауға үйрету, қол-аяқ қимыл-қозғалыс икемділігін арттыру.
Серуенгедайындық	Киімдерд іретімен киінуді жетілдіру				
Серуен 11:40-12:30	**Құстарды бақылау,** жылы жаққа ұшып бара жатқан құстардыажыратабілуге үйрету. **Еңбек** аула сыпырушыға көмектесу,қоқыс шығаруға, тазалыққа,қимылбелсенділігіне, орындалған жұмыснәтижесіне қуана білуге баулу,жағымды көңілкүйгебөлеу. **Қимылды ойындар:** Айгөлек. Үшты-үшты.Қарақұлақ. Дүмпілдек. Жігіттер жарысы.				

Серуеннен Оралу12:20-12:30	Киімдердіреттілікпеншешуге үйрету, киім түймелерін, сырмаларын ағыту, оны жинап немесе іліп қоюын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық шаралар рига әдісімен шынығу.				
	Балалардыңназарын тамаққа аудару,мәдениеттітамақтануға,ас қайтаруға баулу.				
Түскі ас12:35-13:10	Бата бердім, бақ тіледім, Ақ дастарқан басына, Көңілің көлдей болып, Қыдыр қонсын басыңа! Әумин.	Дастарқаныңнан дәм кетпесін, Көңіліңнен сән кетпесін. Ұрпақ, ұлыс аман болып, Өміріңнен мән кетпесін. Әумин.	Талмайтын талап берсін, Самғайтын қанат берсін. Баянды бақыт берсін, Ұзақ ғұмыр, тұрлаулы уақыт берсін. Әумин.	Дастарқанға береке берсін! Кең пейіл берсін, Ұзақ өмір берсін! Ізет, абырой, бақ-дәулет Риза несібең арта берсін! Әумин	Түндерің тыныш болсын, Үйлеріңе ырыс толсын! Еліңде бірлік болсын, Жарасты тірлік болсын!
Ұйқы 12:35-13:10	Балаларға тынығып ұйықтау үшін жағдай жасау				
	«Қайырымды балалар» әңгімесін оқыпберу **Мақсаты:** Балаларды мейірімділікке, кішіпейілдікке тәрбиелеу.	Баяу музыка тыңдату **Мақсаты:** Музыканы қабылдау ұғымдарын қалыптастыру.	«Төрт дос» ертегісін оқып беру **Мақсаты:** Балаларды бір-біріне қамқор болуға, адалдыққа тәрбиелеу.	**«Күлкі туралы аңыз»** әңгімесін оқып беру. **Мақсаты:** Ертегіні жүйелі түрде айтып беруге тәрбиелеу.	**«Үш жолдас»** Ертегісі В.Осеева Әңгімелеу. **Мақсаты:** Балалардың жағымды, жағымсыз қылықтарды ажыратып достарына мейірімді болуға тәрбиелеу.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауық-тыру шаралары 15:15-16:00	Ұйқыдан кейінгі жаттығу (төсектегі гимнастика, созыламыз, менің арқам түп-түзу). Кілем үстінде, дымқыл тұзды жолмен және ортопедиялық кілем үстімен жүру. Өз төсектерін жинастыру.				
Бесін ас 16:00-16:30	Дастархан басындағы әдептілікке үйрету, таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде әдептілік танытуды дамыту.				

Ойындар, дербес әрекет 16:30-17.20	Ойын **«Нағыз дос болайық»** **Мақсаты:** Адал досболуға тәрбиелеу.	**«Балаусаның туған күнін тойлаймыз»** желілі ойыны. **Мақсаты:** Әлеуметтік ортадағы шынайы оқиғаларды көрсете білу.	**Вариативтік компонент** Әдептілік әліппесі	**Вариативтік компонент** Адам өмірінің қауіпсіздігі	**Вариативтік компонент** Өсімдіктер әлемі
Серуенге Дайындық 17:20-17:30	Киімдерді реттілікті сақтапдұрыс киінуге үйрету, жылы дұрыс киінудің адам денсаулығына пайдасы туралы әңгімелесу				
Серуен 17:30-18:00	Ауа райын бақылау Кимылды ойын **«Соқыр қойшы»** **Мақсаты:** ойын арқылы мейірімділік, ынтымақтастық сезімдерін тәрбиелеу.	Үй жануары ешкіге бақылау Қимылды ойын **«Кім жылдам»** **Мақсаты:** Бір-біріне кедергі келтірмей жүгіруге жаттықтыру.	Гүлдерге бақылау Қимылды ойын **«Жігіттер жарысы»** **Мақсаты:** Қимыл белсенділігіне, ептілікке, татулыққа, достыққа тәрбиелеу	Ұшаққа бақылау Қимылды ойын **«Жасырынбақ»** **Мақсаты:** ойын қимылдарыарқылы жылдамдыққа, ептілікке, қырағылыққа баулу	Аспанды бақылау Қимылды ойын **«Дүмпілдек»** **Мақсаты:** балаларды ептілікке, қырағылыққа баулу.
Балалардың үйге қайтуы 18:00-18:30	Ата-аналарға тіл апталығына арналған балалардың тақпақтарын жаттауға ұсыныс жасау.	Ата-аналармен жұмыс Ойынға қажетті атрибуттарды жинауға көмектесу. Ойынға қатысып көру.	Ата-аналармен жұмыс «Менің досым» тақырыбында ата-аналарға арналған хабарлама парағы.	Ата-аналарға кеңес Ұялы телефонмен сөйлесу этикетін үйрету.	Ата-аналарға демалыс күндерін балаларымен бірге дұрыс жоспарлау жұмыстарын жүргізу.

Қыркүйек айы 13.09-17.09. «Күншуақ» Мектепалды даярлық топ Өтпелі тақырып: **«Менің сүйікті ойыншықтарым»**

Күн тәртібі	**Дүйсенбі** **13.09**	**Сейсенбі** **14.09**	**Сәрсенбі** **15.09**	**Бейсенбі** **16.09**	**Жұма** **17.09**
Балаларды қабылдау **Ата- аналармен Әңгімелесу** **08:00-09:00**	Ата-аналарға кеңес балаға өз беттерінше әрекет етуге, құзіреттіліктерін арттыруға арналған орта құрауға, оны жабдықтау, балаға жағдай жасауға үгіт насихат жұмыстарын жүргізу.				
Ойындар **08:00-09:00**	**«Қай сөзде бар?»** **Мақсаты:** Балалардың есту және көру арқылы қабылдау қабілеттерін, фонетико-фонематикалық қабылдауын дамыту.	**«Моншақ өткізейік»** **Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін, ұсақ қол қимылдарының икемділігін, қозғалысын дамытып, арттыру, ұсақ моторикасын дамыту.	**«Не өзгерді?»** **Мақсаты:** Балалардың көру арқылы қабылдау , ойлау,қабілеттерін дамыту. Сөздік қорларын және ұсақ моторикасын дамыту.	**«Сөйлемді аяқта»** **Мақсаты:** Балалардың көрнекі-бейнелік ойлау қабілеттерін, есту арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту.	**«Домино»** **Мақсаты:** Құрастыра білу дағдыларын меңгерту, заттың элементтеріне назар аудара отырып, сол затты анықтай білуге үйрету.
Таңертеңгі гимнастика **08:30-09:00**	Таңғы жаттығулар №2 кешен				
Таңғы ас **09:00-09:25**	Тамақтану алдында қолын жуу. Астың дәмді болуын қасындағы балаларға тілеу. Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап, ас ішу құралдарын пайдалана отырып тамақтанудың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамдамыту.				
	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметі.				
Ойындар, Ұйымдастырылға ноқу қызметіне Дайындық **09:25-09:40**	**«Ойыншықтар дүкеніне саяхат»**	**«Ойыншықтар»** Қ. Мырзалиев. Оқу. жаттау.	**«Тәтті сөздер»** ойыны	**«Ғажайып қорапша»** ойыны	Ойыншықтарды сипаттау арқылы жұмбақтар шешу.

Ұйымдастырылған оқу қызметтері 09:40-11:20	**Қауіпсіз мінез-құлық негіздері** **Тақырыбы: «Тамақтану»** **Мақсаты:** Негізгі азық-түлік тағамдары туралы білімдерін кеңейту. **Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы: «Ойыншықтар» Қ. Мырзалиев.** **Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын сын есімдермен, жұрнақтар және жалғаулармен байыту. **Сурет салу** **Тақырыбы: «Ойыншық мысық» (Заттық)** **Мақсаты:** Балаларды елестету және заттарға қарап күрделі емес ойыншықтар сұлбасын өздеріне тән ерекшеліктерін сақтай отырып салуға үйрету.	Орыс тілі Орыс тілі мұғалімінің жоспарыбойынша **Математика негіздері** **Тақырыбы: 7санымен және цифрымен танысу** **Мақсаты:** 7 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету.7-ден 10-ға дейінгі сандар мен цифрлар туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды тану және атай білуді үйрету. **Қоршаған ортамен таныстыру** **Тақырыбы:Біздің ойыншықтар»** **Мақсаты:** Заттардың қандай материалдан жасалғандығын анықтап, сипаттама беріп, оның сапасы мен ерекшелігін дұрыс анықтай білуге үйрету. **Музыка** Музыка жетекшісінің жоспары бойынша.	**Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** Жуан және жіңішке дыбыстар **Мақсаты:** Жуан және жіңішке дыбыстарды ажырата білуге үйрету. **Жаратылыстану** **Тақырыбы:«Мен дүкеннен не көрдім?»** **Мақсаты:** Өлі табиғат заттарын адам қолымен жасалған заттардан ажырата білуге үйрету. **Мүсіндеу** **Тақырыбы: «Филимонов ойыншығы» (Сәндік)** **Мақсаты:** Балаларды халық ойыншықтарымен таныстыру, ойыншықтарды мүсіндеуге үйрету. Халықтық ойыншықтар желісі бойынша бейнелер жасауға үйрету. **Дене шынықтыру** **Тақырыбы: Музыка ырғағына сәйкес және жеңіл жүгіру** **Мақсаты:** Сапқа тұру, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру, баяу қарқынды жүруді жүгірумен алмастыру, музыка ырғағына сәйкес және жеңіл жүгірге жаттықтыру. Гимнастикалық орындық үстімен жүрген кезде тепе-теңдік сақтауға үйрету.	**Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы:** Жуан және жіңішке дыбыстар **Мақсаты:** Жуан және жіңішке дыбыстарды ажырата білуге үйрету. Музыка жетекшісінің жоспары бойынша. **Өзін-өзі тану** **Тақырыбы: «Түсінісу мен кешіруді үйренеміз»** **Мақсаты:** «Кешірім», «өзара түсіністік» адамгершілік қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту. - кешірім, түсінісу сөздерінің мағынасын түсіндіру;- балалардың жақсы қасиеттерін дамыту;- өзара сенім мен түсіністікке тәрбиелеу.	**Көркем әдебиет** **Тақырыбы:«Ойыншық тар достығы»** **Т. Благовещенская** **Мақсаты:** Әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінік беру. **Жапсыру** **Тақырыбы: «Ойыншық түйе» (Заттық)** **Мақсаты:** Үлгілер мен трафареттермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. **Дене шынықтыру** **Тақырыбы: Заттар үстінен (бірнеше текше) аттап өту** **Мақсаты:** Сапқа тұру, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру, баяу қарқынды жүруді жүгірумен алмастыру, заттар үстінен (бірнеше текше) аттап өтуге жаттықтыру. Гимнастикалық орындық үстімен жүрген кезде тепе-теңдік сақтауға үйрету.
Серуенге Дайындық 11:20-11:30	Киімдерді ретімен киінуді жетілдіру				
Серуен 11:30-12:20	**Жақын арада орналасқан ойыншықтар дүкеніне серуен,** ойыншықтардың жұмсақ , ағаштан, шыныдан, пластмассадан жасалғанын ажырата білуге үйрету. **Еңбек** кір жуушыға көмектесу, кірді тасуға, жаюға, тазалыққа, шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа баулу, орындалған жұмыснәтижесіне қуана білуге, үлкендердің еңбегін қадірлеуге үйрету. **Қимылды ойындар:** «Қуыр-қуыр-қуырмаш», Төмпешікте төмпешікке. Тепе-теңдік. Асықтар. Ептілік.				

Серуеннен Оралу 12:20-12:30	Киімдерді реттілікпен шешуге үйрету, мәдени-гигиеналық шаралар				
	Балалардың назарын тамаққа аудару, мәдениетті тамақтануға, ас қайтаруға баулу				
Түскі ас 12:35-13:10	Асың, асың,асыңа Бақыт қонсын басыңа! Денсаулығың зор болсын, Дастарханың мол болсын! Әумин.	Бата Жарылқа , алла, қабыл ет, Жарылқаудың қамын ет! Ізет-абырой, бақ-дәулет, не тілесең, соның бәрін қабыл ет	Бастарыңа бақ берсін, Не берсе де нақ берсін! Қарындарың тоқ болсын, Қайғыларың жоқ болсын, Әумин.	Бата Күнің шуақты болсын, Көңілің суатты болсын! Қонысың өрісті болсын! Еккенің жемісті,еңбегің кейісті болсын!	Бақ келіп қонып басыңа, Көңілің көлдей шалқысын. Пейліңе тойған қонағың, Ішіп-жемей балқысын.
Ұйқы 13:15-15:15	Балаларға тынығыпұйықтауүшін жағдай жасау				
	«Маша қалай үлкен болды». Е.Пермяк	Баяу музыка тыңдату	**«Ойыншықтар достығы»** ертегісін оқып беру	**«Күлкі туралы аңыз»** әңгімесін оқып беру.	**«Немере»** Л.Толстой әңгімелеу.
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауық-тырушаралары 15:15-16:00	Ұйқыдан оянып ауа ваннасын қабылдау. Өз төсектерін жинастыру. Ригалық әдісімен балаларды сауықтыру.				
Бесін ас 16:00-16:30	Дастархан басындағы әдептілікке үйрету, таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде әдептілік танытуды дамыту.				
Ойындар, дербес әрекет 16:30-17:20	**Д/О Ойын«Қай ойыншық жасырылған?»** **Мақсаты:**Танымдықүр дісі; зейін, ес, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту.	**«Ойыншықтар дүкенінде»** желілі-рөлді ойыны **Мақсаты:**Өзіне рөл алып**,** ойын аяғына дейін рөлге сәйкес әрекет ету.	**Вариативтік компонент** Әдептілік әліппесі	**Вариативтік компонент** Адам өмірінің қауіпсіздігі	**Вариативтік компонент** Өсімдіктер әлемі
Серуенге Дайындық 17:20-17.30	Киімдерін ұқыпты өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді дамыту . Киімдегі кемшіліктерді жөндеу.				

Серуен 17:30-18:00	Аула гүлдеріне бақылау Кимылды ойын **«Төмпешіктен-төмпешікке»** **Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, бір-біріне кедергі келтірмей секіруге үйрету.	Үй жануары түйеге Бақылау Қимылды ойын **«Қуыр-қуыр-қуырмаш»** **Мақсаты:** Ойын арқылы балалардың нерв жүйесін тынықтыру,тілін дамыту, жан дүниесін байыту.	Күзетші атайдың еңбегіне бақылау Қимылды ойын **«Тепе-теңдік»** **Мақсаты:** Қимыл белсенділігіне, ептілікке, татулыққа,достыққа тәрбиелеу	Бұлтқа бақылау Қимылдыойын **«Жасырынбақ»** **Мақсаты:** ойын Қимылдары арқылы жылдамдыққа, тапқырлыққа, ептілікке, баулу.	Дүкенге бақылау Қимылды **Ойын «Ептілік»** **Мақсаты:** балаларды ептілікке, қырағылыққа баулу.
Балалардың үйге қайтуы 18:00-18:30	Ата-аналарды балалардың жан-жақты дамыту жұмыстарына тарту.	Ата-аналарға кеңес Баланың ұсақ қол моторикасын, көз бен қолдың үйлесімді жұмыс жасауына жағдай туғызып, таным орталығын жабдықтау.	Ата-аналарға табиғат бұрышын табиғи қалдық заттармен, гүлдермен тәжірибе жасайтын құралдармен толықтыруға үгіт насихат жүргізу.	Балаларға кеңес Үйден әр түрлі ойыншықтардың (резина, пластмасс, жұмсақ) түрлерін алып келу.	Ата-аналарға демалыс күндерін балаларымен бірге дұрыс жоспарлау жұмыстарын жүргізу.

Қыркүйек айы 20.09 - 24.09. 2021 «Күншуақ» Мектепалды даярлық топ Өтпелі тақырып: **«Жиһаздар»**

Күн тәртібі	**Дүйсенбі** **20:09**	**Сейсенбі** **21:09**	**Сәрсенбі** **22:09**	**Бейсенбі** **23:09**	**Жұма** **24:09**
Балаларды қабылдау **Ата- аналармен Әңгімелесу** **08:00-09:00** **Ойындар** **08:00-09:00** **Таңертеңгі гимнастика** **08:30-09:00**	Ата-аналарды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Бала денсаулығын сақтаумен нығайту туралы ата-аналармен әңгімелесу, балаларда көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
	«Сатып ал» Д/о **Мақсаты:** бақылаудың , ересектермен қарым-қатынастарының барысында көргендерін ойында ауыстыру.	**«Кім не біледі?» Д/о** **Мақсаты:** Есту арқылы қабылдау, ойлау, ұзақ уақытта есте сақтау қабілеттерін дамыту.	**«Екіден сенде не бар?» Д/о** **Мақсаты:** Баланың жалпы ойлау қабілеттерін, есте сақтау және қабылдау, зейінін дамыту.	**«Сөзді аяқта» Д/о** **Мақсаты:** Балалардың есту арқылы қабылдау, сөздік қорын дамыту. Сөздегі дыбыстарды дұрыс айту.	**«Затқа қарап жұмбақ құрастыр» Д/о** **Мақсаты:** балалардың көру арқылы қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.
	Таңғы жаттығулар №2 кешен				
Таңғы ас **09:00-09:25**	Тамақтану алдында қолын жуу. Астың дәмді болуын қасындағы балаларға тілеу. Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап, ас ішу құралдарын пайдалана отырып тамақтанудың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамдамыту.				
	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметі.				
Ойындар **Ұйымдастырылған оқу қызметіне Дайындық** **09:25-09:40**	**«Табиғат»** дегенді қалай түсінесің? әңгімелесу.	**«Табиғат-анамыз»** Н. Жанаев өлеңін оқу.	Ағаштарға байланысты мақал-мәтелдер айту.	Көбейсін жасыл көшелер» М. Зайтов.	Ағаштарды сипаттау арқылы жұмбақтар шешу.

